www.aigak.kz

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

Instagram YouTube Facebook Telegram

№43 /sársenbi/ 25 qazan 2023 ж.



## ХАНЧЖОУДАҒЫ IV ПАРА АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ:

**Қытайдың Ханчжоу қаласында IV Азия Пара ойындары басталды. Оған 43 мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы бақ сынауда. Қатысушылар спорттың 22 түрінен сынға түспек. Ал, осы бір дүбірлі додада 131 спортшы қатысып, спорттың 14 түрінен өнер көрсетеді. Аталған чемпионат 28 қазанға дейін жалғасады.**

**Қытайда Азия Паралимпиада ойындары екінші рет өтіп жатыр. 2010 жылы ойындарды Гуанчжоу қабылдаған болатын.**

**— Қазақстан құрамасы Азия ойындарына аман-есен жетті. Біздің спортшылар классификациядан сәтті өтіп, өздерінің спорт класын растады. Спортшылардың класы паралимпиадалық спортта шешуші рөл атқарады. Бұл барлық қатысушылар үшін әділ жарыстарды қамтамасыз етеді. Енді біздің алдымызда құнды медальдар үшін қарқынды күрес тұр. Қарсыластарымыз осал емес. Биыл осы додаға 131 спортшы қатысады. Бұл - Қазақстанның Азия пара ойындары тарихындағы қатысушылар саны бойынша жаңа рекорд. Алдыңғы ойындарға Қазақстаннан 9 спорт түрінен 91 спортшы қатысып, 33 жүлдеге қол жеткізген болатын. Биылғы жылы одан да көп медаль әкелеміз деп үміттенеміз, — деді Ұлттық Паралимпиада комитетінің бас хатшысы Ерлан Сүлейменов.**

**24 қазандағы дерек бойынша ел қоржынында әзірге 3 алтын, 1 күміс және 5 қола. Қоржынға алғашқы алтынды пара пауэрлифтер Давид Дегтярев салды. 54 кг салмақ дәрежесіндегі Қазақстан спортшысы 187 кг көтерді. Екінші және үшінші орынды Қытай (185 кг) және Вьетнам (184 кг) спортшылары алды.**

**Қазақстанға екінші алтынды 48 кг салмақтың J2 санатында бақ сынаған Ақмарал Науатбек әкелдә. Ол пара дзюдодан Азия ойындарында чемпион атанған алғашқы қазақстандық пара-дзюдошы атанды. Ақтық сында ол қытайлық спортшы Ли Личиннен басым түсті.**

**Сондай-ақ, пара каноэдан ел спортшылары күміс пен қоланы алды. Бибарыс Спатай пара каноэдан 43.601 секунд нәтижесімен екінші орынды иеленсе, Максим Богатырев Азия пара ойындарының қола жүлдегері атанды. Оның нәтижесі 58.479 секунд.**

## ЖАҢА ӨНЕРКӘСІПТІК ПАРК ПЕН ЗАМАНАУИ КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНА АШЫЛАДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Түркістан облысына жұмыс сапарымен келді. Өңірде Үкімет басшысы бірінші кезекте жаңа өнеркәсіптік парктің және заманауи көпбейінді аурухана құрылысының барысымен танысты.

Ауданы 66 мың шаршы метрден асатын «Түркістан» ӘКК» АҚ өнеркәсіптік паркін жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды өңірде жүзеге асатын жобалар туралы айтты. Жұмыс сапары барысында Премьер-Министрге өңірдегі ірі инвестициялық жобалардың, оның ішінде химия кешені, бу-газ қондырғысы, мұнай өңдеу зауыты, газ электр стансасы, күкірт қышқылын өндіру зауыты, өнеркәсіптік жылыжай, мал бордақылау алаңы және басқа да нысандардың іске асырылуы туралы баяндалды.

Мұнда үкіметтік делегация Түркістан облысында өндірілетін жиһаз өнімдерінің үлгілерімен танысты.

Әлихан Смайылов соңғы жылдары елімізде жиһаз өнеркәсібі белсенді дамып келе жатқанын атап өтті. Қазір онда 1500-ге жуық кәсіпорын жұмыс істейді. Осы жылдың 8 айында сала өндірісінің көлемі 25,2%-ға өссе, осы салаға салынған инвестициялар көлемі 65%-ға ұлғайды. 2026 жылға дейін салада жалпы құны 5,3 млрд теңгені құрайтын бірқатар жаңа жиһаз өндірісін іске қосу жоспарланып отыр.



Үкімет басшысы атап өткендей, бүгінде мемлекет тарапынан кең ауқымды қолдау көрсетіліп келеді. Мәселен, «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заң шеңберінде кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету шаралары, сұранысты ынталандыру, өнеркәсіптік гранттар қарастырылған. Сондай-ақ арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарда өндірушілер қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі, кедендік баждардан және тағы басқа салықтардан босату қарастырылған.

«Отандық жиһаз өндірушілер өткен жылдан бері мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде басым құқыққа ие, сондықтан осындай кәсіпорындарды дамытудың маңызы зор. Түркістан облысының әкімдігі инвесторларды тарту мәселелері бойынша белсенді жұмыс істеп, өндірушілерге барлық қолайлы жағдай жасауы қажет», — деді Әлихан Смайылов.

Бұдан әрі Премьер-Министр 570 төсек-орындық заманауи көпбейінді облыстық аурухана құрылысының барысымен танысты. Қазіргі уақытта жұмыстың шамамен 50%-ы аяқталды. Нысанды пайдалануға беру уақыты 2024 жылғы желтоқсанға жоспарланған.

Әлихан Смайылов Түркістан облысында 2 млн-нан астам адам тұратынын, сондықтан жаңа әлеуметтік нысандарды іске қосу маңызды екенін атап өтті.

«Бұл — өте маңызды жоба. Өңірде сырқаттар саны көбейіп отыр, мұндағы ауруханалар тапшылығын көріп отырмыз. Сондықтан жобаны мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде кешіктірмей іске қосу маңызды. Техникалық мәселелерге келсек, мұны Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп пысықтап, жыл соңына дейін келісімді бекіту керек», — деді Премьер-Министр.

Бұл ретте ол «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыста 49 жаңа алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету нысанын салу және 4 аудандық аурухананы жаңғырту жоспарланып отырғанын еске салды.

«Жалпы, денсаулық сақтау саласындағы барлық нысандар Министрліктің бақылауында болуы және уақтылы іске асырылуы тиіс», — деп түйіндеді сөзін Ә.Смайылов.

## А.БАЛАЕВА: КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУШЫЛАР САНЫ 9,5 МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен Қазмедиа орталығында Кітапханашылар күні мерекесіне орай салтанатты шара өтті.

Мерекелік жиынға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, зиялы қауым өкілдері, Қазақстанның әр өңірінен келген кітапханашылар, жоғары оқу орындары, колледж және мектеп кітапханаларының мамандары қатысты.

Министр салтанатты шарада мәртебелі мамандық иесі - кітапхана қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.



-Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жас ұрпақты ұлттық құндылық негізінде тәрбиелеп жүрген кітапханашылар мен кітапханалар жағдайына айрықша көңіл бөлді. Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда: «Шын мәнінде, кітап оқитын ел ғана зиялы ұлтқа айналады. Біз жас ұрпақтың кітапқа деген құштарлығын оятуымыз керек», — деп еліміздегі кітапханашылар рөліне ерекше тоқталған.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны қолға алуды тапсырды. Оған қоса, өткен жылы Үкімет қаулысымен 24 қазан — Кітапханашылар күні деп кәсіби мереке ретінде алғаш рет белгіленді.

Оған негіз де бар. Қазіргі таңда елімізде 25 мыңнан астам кітапханашы, 11 мыңға жуық кітапхана, 328 миллионнан астам кітап қоры бар. Бұл еліміз үшін баға жетпес рухани байлық. Осы игілікті пайдаланушылар көлемі, яғни, оқырмандар саны жыл өткен сайын артып келе жатқаны бізді қуантады. Соңғы кезде кітапхана қызметін пайдаланушылар саны 9,5 миллионға жетті.

Бұл ең алдымен кітапханашылардың кәсіби еңбегі мен ағартушылық рөлінің арқасында екенін ерекше атап өткен жөн.

Халқымыздың кітап оқуға деген ынта-жігерін арттыру — баршамызға ортақ міндет,- деді министр құттықтау сөзінде. Жиын аясында министр ұзақ жылдар еңбек етіп, кітапхана саласының дамуына айрықша үлес қосқан қызметкерлерді ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапаттады. Іс-шарада әр облыстың кітапхана қызметіндегі озық жобалар мен кітапхана тарихына арналған көрме ұйымдастырылды.

Екінші рет кең көлемде аталып өткен салтанатты жиынның мақсаты – қоғамдағы кітапханашы мамандығының беделін арттыру, имиджін қалыптастыру және еліміздің түкпір-түкпірінде руханият саласына еңбек сіңіріп жүрген кәсіби майталмандарды дәріптеу. Шарадан кейін ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның қатысуымен Ұлттық құрылтайдағы кітапханалар жүйесінің мәселелеріне қатысты дөңгелек үстел өтті.Басқосуға филология ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Д.Қамзабекұлы, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері С.Досжанова,филология ғылымдарының докторы, профессор К.Құрманәлиев және кітапхана басшылары мен қызметкерлері қатысты.

**Шолушы.**

Бетті дайындаған Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

## ЖАҢА МИНИСТРЛІК 34 ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРЫП ЖАТЫР



ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі биыл Ақмола, Алматы, Атырау, Ұлытау, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарында 34 жобаны іске асырып жатыр, деп хабарлады ведомствоның баспасөз қызметі.

Аталган іс-шаралардың аясында 158 елді мекенде сумен қамтамасыз ету және су жүйесін жаңарту жұмыстары жүргізіледі. Нәтижесінде 450 мыңнан астам тұргын сапалы ауыз суга қол жеткізеді. Жобалардың аяқталу мерзімі 2024-2025 жылдарга жоспарланган.

2021-2022 жылдары Ақмола, Ақтөбе, Қызылорда, Ұлытау және Солтүстік Қазақстан облыстарында топтық су құбырларын салу және реконструкциялау бойынша 7 нысан пайдалануга берілді. Сондай-ақ, Ұлытау облысындагы 1 нысан бойынша сынақ режимінде сапалы ауыз су беріле бастады.

«Аталган жұмыстардың нәтижесінде 800 шақырымнан астам су желісі салынды. 203 мың халқы бар 51 ауылдық елді мекенде және Сәтбаев, Макинск және Жезқазган қалаларында сумен жабдықтау сапасы жақсарды. 6 мыңга жуық тұргыны бар 5 ауылдық елді мекен сапалы ауыз суга қол жеткізді»,- деді ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

## ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ EGOV.KZ. САЙТЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындагы баспасөз конференциясында әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков ведомствоның құзіретіне жататын барлық қызметтер egov.kz.сайтында қолжетімді екенін мәлім етті. Ол бөліскен мәліметке сәйкес, бүгінде EgovMobile-да министрліктің 29 мемлекеттік қызметі, 14 сервисі және 5 цифрлық құжаты бар.

«Қаңтар айында жылжымалы мүлік кепілін тіркеу бойынша қызмет автоматтандырылды. Осындай жұмысты заңды тұлгаларды тіркеу саласындагы қызметтер бойынша жүргізу жоспарлануда», - деді ведомство өкілі.

Қазақстандық бірнеше банктің қосымшаларына енгізіліп, көрсетілген қызметтер арасынан спикер неке тіркеу, бала туу туралы куәлік алу, заңды тұлгалар туралы мәлімет және жылжымайтын мүлік туралы мәлімет алуды атады. МИБ төрагасын ауыстыру қызметі де цифлық форматта қолжетімді етілді.

«Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде смартфондардың ыңгайлылыгын ескере отырып, осы багыттагы жұмыс жалгастырылатын болады», — деп хабарлады әділет вице-министрі.

## ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Келер жылы Қазақстанда дәрі-дәрмектерді қадагалау бойынша ақпараттық жүйе мен балабақшага кезекке тіркеудің Бірыңгай деректер базасы іске қосылады. Үкіметте өткен кеңесте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа тиісті цифрлық шешімдер таныстырылды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

Дәрілік заттарды қадагалау жүйесі бірнеше мәселені бірден шешуге ықпал етеді. Атап айтқанда, медициналық ұйымдарда дәрілік заттарды қайта жазу және өтірік есептен шыгару мүмкіндігін жойып, дәрілік заттардың бөлшек саудадагы багасына, қалдықтарына және жарамдылық мерзімдеріне мониторинг жүргізеді.

Толық қадагалау мақсатында әр қорапқа екі өлшемді бірегей Data Matrix коды қолданылады. Нәтижесінде республикадагы дәрілік заттардың толық айналымын өндірілген сәттен бастап қолданысқа дейін онлайн бақылауга мүмкіндік туады.

«Жүйе дәрілік заттардың көлеңкелі саудасын едәуір төмендетеді және оларды орталықтандырылган сатып алуды тиімді жоспарлауга көмектеседі. Жалпы платформада дәрі-дәрмек қорын таблетка санына дейін қадагалауга болады», – деді денсаулық сақтау вице-министрі Бейбіт Есенбаев.

Сондай-ақ ашықтықты арттыру арқылы ықтимал контрафактілік өнімдерді анықтауга, сондай-ақ дәрілік заттардың бекітілген бөлшек сауда багаларын бақылауга мүмкіндік туатыны атап өтілді.

«Жаңа жүйе ел тұргындарын контрафактілік өнімдерден қоргайды. Тұтынушы сатып алган дәрі-дәрмектің заңды екеніне және олардың өмірі мен денсаулыгына қауіпсіз екеніне еш күмәнданбауына болады», – деп атап өтті Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова.

Қазір жоба пилоттық режимде жүзеге асырылуда. Қадагалау жүйесін 2024 жылдың шілдесінен бастап енгізу жоспарланган.

Премьер-Министр платформаның барынша тиімді болуы және ауруханалар, емханалар, ауылдық денсаулық сақтау мекемелері мен дәріханаларда қолдануга ыңгайлы болуы үшін оның барлық функционалдыгын егжей-тегжейлі пысықтауды тапсырды.

Бұдан бөлек, Үкімет басшысына балабақшаларга кезекке тіркеудің Бірыңгай деректер базасы таныстырылды. Ол ата-аналарга ыңгайлы болу үшін және мектепке дейінгі ұйымдарда орындарды бөлудің толық ашықтыгын қамтамасыз ету үшін жасалган.

Атап айтқанда, Egov.kz мемлекеттік порталы немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы баланы кезекке қою үшін бірден 4 балабақшага дейін таңдап, кейін онлайн режимде берілген өтініштің мәртебесін бақылауга болады. Мекемелердің бірінде орын бола қалган жагдайда дереу ата-анага хабарланады. Жалпы балабақша таңдаудан бастап, келісімшарт жасасуга дейінгі барлық рәсім электронды форматта өтеді.

Премьер-Министр бұл жүйе мектепке дейінгі ұйымдардагы қосарланган кезекті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюга багытталуы керектігін атап өтті. Аталган цифрлық шешім қазір пилоттық режимде пысықталуда. Бірыңгай деректер базасын іске қосу 2024 жылдың қаңтарына жоспарланган.

## БЕС АЙМАҚТА 34 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУДА

2023 жылдың соңына дейін Ұлытау облысында Есқұла су құбырын іске қосу жоспарланып отыр. Оның құрылысы 2010 жылы басталган болатын. Су құбыры сынақ режимінде іске қосылады. Ал нысанды тапсыру келесі жылдың бірінші жарты жылдыгына жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, осы жылдың соңына дейін Атырау облысы Құрмангазы ауданында Қоянды топтық су құбырының 6 ұңгымасын тапсыру күтілуде.

Сондай-ақ, Қызылорда облысының Жаңақорган ауданында екі жобаны аяқтау жоспарланган. Мақсат - «Тақыркөл» бас су қабылдагышынан №1 соргы станциясына дейін магистральдық су құбырының екінші желісін салу және қолданыстагы Талап топтық су құбырын кеңейту.

«Бұл қазіргі уақытта жұмыс жүргізіліп жатқан жобалардың бірнешеуі гана. Биыл Ақмола, Ақтөбе, Қызылорда, Ұлытау және Солтүстік Қазақстан облыстарында 34 жоба жүзеге асырылып жатыр. Нәтижесінде 2025 жылга қарай 450 мыңнан астам адам сапалы ауыз суга қол жеткізуі тиіс»,- деді ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

## ІІМ ЖҮРПЗУШІЛЕРГЕ ҮНДЕУ ЖАСАДЫ

Қазан айынан бастап еліміздің кейбір аймақтарында ауа райы күрт өзгереді. ІІМ осыган байланысты жүргізушілерге үндеу жасады, деп хабарлайды Zakon.kz.

“Қыс мезгілінің басталуымен жолдагы көлік жүрісі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Жылдамдықты асырмаңыз! Қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз! Егер қысқы жүргізу элементтері туралы толыгырақ айтатын болсақ, онда жылдамдықты шамамен сагатына 10-15 шақырымга азайту керек, ал көлік арасындагы қашықтық 3-4 автокөлік болуга тиіс. Міне, осындай ұсақ-түйектердің өзі жол жагдайы күрт өзгерген кезде жүргізушіге дұрыс шешім қабылдауга көмектеседі.

ҚР ІІМ ӘПК ерекше тапсырмалар жөніндегі ага инспекторы Ақтоты Боранова

Ақтоты Борановaның айтуынша, қиылыстарда багдаршамның жасыл түсіне жылдам қозгалу — қысқы уақытта жүргізушілердің негізгі қателіктерінің бірі.

Ол көлік жүргізушілеріне мынадай кеңес берді:

Жолга назар аударыңыз, көлік жүргізу кезінде телефонга телмірмеңіз және көлік басқарумен байланысы жоқ нәрселерге алаңдамаңыз. Есіңізде болсын, көлікті кенеттен тежеу басқару мүмкіндігін жогалтуга әкеп согады;

Жол жүрісі қагидаларын, жылдамдық режимін және қашықтықты сақтаңыз, кенеттен маневр жасау мен басып озудан аулақ болыңыз, жол бойындагы жаяу жүргіншілерге өте мұқият болыңыз, айналаңыздагы жол жагдайын үнемі бақылауда ұстаңыз;

Заңнамага сәйкес қыс мезгілінде (желтоқсан, қаңтар, ақпан) қысқы шиналармен жабдықталмаган көлік құралдарын пайдалануга тыйым салынатынын еске саламыз. Қысқы шиналар көлік құралының барлық дөңгелектеріне орнатылуы қажет;

Автокөлік иелері ауа райының өзгеруін мұқият қадагалап отыруы керек, егер ауа райы нашарласа, елді мекендерден тыс жерлерге шыгуды шектеген дұрыс;

Жаяу жүргіншілер қыста көлік тез тоқтай алмайтынын есте ұстагандары абзал, сондықтан көшені кесіп өткенде сізге жол бергеніне көз жеткізіп, содан кейін гана жүрісті жалгастырыңыз;

Жолдарыңыз қауіпсіз болсын!”, - деді Ақтоты Боранова.

## МЕКТЕПТЕ ТАМАҚТАНУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ӘЗІРЛЕНДІ

Елімізде әзірленген жаңа модель мектепте тамақтану мәдениетін қалыптастырудың кезеңдік іс-шаралар кешенін қамтиды. Пилоттық жоба Астана қаласының алты мектебінде жүзеге асырылуда. Аталган модель Оқу-агарту министрлігінің бастамасымен Ұлттық салауатты тамақтану орталыгымен бірлесіп құрылды.

Ведомствоның хабарлауынша, бірінші кезеңде мектептегі тамақтануды ұйымдастыруды багалау және талдау мақсатында балалардың мектеп асханасындагы мінез-құлқының үлгілерін байқап зерттеу, антропометриялық көрсеткіштерді өлшеу (бойы, салмагы) және дұрыс тамақтану қагидаттарын білуге сауалнама жүргізіледі.

Екіншісінде — салауатты өмір салты саласындагы білім мен тәжірибені байыту үшін жеткізушілерді, мектеп персоналын, оқушыларды және олардың ата-аналарын оқыту ұйымдастырылады.

Үшінші кезең балалардың дұрыс тамақтануына және физиологиялық қажеттіліктерін есепке алуга баса назар аудара отырып, оқушылардың тамақтануын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды үйлестіруді білдіреді.

Төртінші кезеңде балалардың денсаулыгын сақтауга багытталган мектепте тамақтанудың жаңа моделін әзірлеу көзделіп отыр. Бұл үдеріс денсаулықты сақтауга ықпал ететін білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында үйлестірілген тәсілді қамтамасыз етпек.

Соңгы кезең - енгізілген өзгерістердің мониторингі және тиімділігін багалау.

Бұган дейін министрлік тамақтануды ұйымдастырудың қауіпсіз жагдайларына әсер ететін критерийлерді зерттеген болатын. Соган сәйкес Ұлттық дәстүрлерге және өңірде өндірілетін отандық өнімдердің ассортиментіне сәйкес мәзір әзірленді.

Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап алгаш рет 1,6 млн астам оқушы, оның ішінде 1,4 млн астам бастауыш сынып оқушылары және 220 мың ХӘОТ санатындагы 5-11 сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылды.

## KIDS GO FREE БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 1800 БАЛА ТЕГІН ҰШТЫ

Kids go free багдарламасының арқасында 800 қазақстандық отбасы ел ішінде демалуга 80 млн теңге үнемдеді. ҚР туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев Орталық коммуникациялар алаңындагы баспасөз конференциясында биылгы жылдың 9 айында аталган жоба бойынша 1800 қазақстандық балгын тегін саяхатқа ұшқанын жеткізді.

«Бір қызыгы, осы багдарлама аясында Алакөлде демалуды орта есеппен үш баласы бар отбасылар таңдайды. Олардың арасында алты, жеті, тіпті тогыз баласы бар отбасылар пайдаланган», - деді спикер. Соның бірі — топпен саяхатқа шыққан балаларга қатысты да бұл шараны пайдалануга мүмкіндік беру жагы қарастырылып жатыр. Сынып жетекшісі 20 оқушыны алып, Қазақстанның басқа аймагына барса, олардың қастарында ата-аналарының бар-жоқтыгына қарамастан, тегін ұшуды пайдалануга мүмкіндік беру. Қарсылық болмаса, келесі жылы бұл тетік қолжетімді болады», - деп бөлісті вице-министр.

Бетті жинақтаган Ұлжан НАУШАБАЕВА.

## ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ КЕНТАУДАҒЫ ЖЭО-НА БАРДЫ

Түркістан облысына жұмыс сапары барысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Кентау қаласының ЖЭО-сына барып, ондағы жылыту маусымына дайындық жұмыстарының барысымен танысты.

Кентау ЖЭО-сы 3 мыңнан астам нысанды, оның ішінде көп қабатты және жер үйлерді, коммерциялық және бюджеттік ұйымдарды жылумен және электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта мұндағы 6 қазандыққа соңғы 10 жылда бірінші рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп отыр.

«Бүгінгі таңда 4 қазандық толығымен дайын. Қалада жылыту маусымы жоспар бойынша 1 қарашадан басталуы керек. Сонымен қатар қосымша 2 қазандық күрделі жөндеуден өтеді, бұл да ЖЭО жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді», – деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр облыс әкімдігіне жылыту маусымының қалыпты өтуі үшін жабдықтардың барлығын жедел және сапалы түрде іске қоса отырып, тексеру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.



## СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЖОЛ КАРТАСЫ ӘЗІРЛЕНДІ

Түркістан облысына Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов жұмыс сапарымен келді. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды министрмен кездесіп, ағын су және ауыз су мәселелерін шешу бағытындағы жоспарларды саралады. Бірлесе, тығыз байланыста жұмыс істеуге уағдаласты.

— Түркістан өңіріне қош келдіңіз. Өзіңіз білесіз, аймақта ауыз су және ағын су мәселесі өзекті. Облыс тұрғындарының 90 пайызға жуығы ауылдарда тұрады. Негізгі табыс көзі — ауыл шаруашылығы. Сондықтан диқандарға қажетті ағын су мәселелерін шешу күн тәртібінде тұр. Бұл бағытта бірлесе жұмыс атқаратынымызға сенімдімін, — деді Дархан Сатыбалды.

Су ресурстары және ирригация министрі үш күн бойы Шардара, Жетісай, Мақтаарал, Келес, Сарыағаш, Қазығұрт аудандары мен Түркістан және Арыс қалаларындағы су нысандарына барады. Жағдайын бақылап, тиісті шешімдер қабылдамақ.

— Еліміздің оңтүстік облыстарында ағын суды тиімді әрі үнемдеп пайдалану маңызды болып тұр. Су нысандарын жөндеу, каналдарды тазалау да өзекті. Түркістан өңірінде ауыз су бойынша мәселе бар. Оны кезең-кезеңімен бірлесе шешуіміз керек. Жүйелі жұмыс атқарылады. Министрлік тарапынан қолдау көрсетіледі, — деді Нұржан Нұржігітов.

Министрге Түркістан облысында су шаруашылығы жүйелерін қалпына келтірудің 2023-2030 жылдарға арналған Жол картасы таныстырылды. Егер бұл жоспарға республикалық бюджеттен қолдау көрсетілсе, 3 жаңа су қоймасы салынып, 17 су қоймасы жөнделеді. Жаңадан 120,3 млн. м3 ағын су жеткізіледі. 12,2 мың гектар жаңа суармалы жер іске қосылып, 250 мың гектар суармалы жердің мелиоративтік жағдайы жақсарады. 250 мыңға жуық тұрғын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Каналдар, қашыртқылар, ауыз су құбырлары жөнделмек. Жол картасына жалпы 58 жоба енгізілген.

## ТҰРҒЫН ҮЙ АЛУ ҮШІН АЛҒАШҚЫ ЖАРНА 10%-ҒА ТӨМЕНДЕДІ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Түркістан облысының «Отбасы банк» АҚ директорының орынбасары Дәурен Мырзатаев айтты.

— Жаңа тұжырымдама бұрынғы «Нұрлы жер» бағдарламасының орнына қолданылады. Басты ерекшеліктері - бастапқы жарна «Нұрлы жер» бағдарламасында 20%-ды құраса, ал жаңа тұжырымдама бойынша 10%. Сондай-ақ, табыс көзіне шектеу жоқ. Ең бастысы, соңғы 6 айда үзілмеген табыс көзі болуы қажет. Одан бөлек, үй кезегінде тұрған азаматтарға 5%-бен рәсімделеді. Ал, егер үй кезегіндегі азамат белгілі әлеуметтік санатқа сәйкес келсе несиені 2%-бен рәсімдей алады. Талап - отбасы мүшелерінде соңғы 5 жылда ел аумағы бойынша жылжымайтын мүлік болмауы керек. Өтінім жіберу www.otbasybank.kz сайты арқылы жүргізіледі, - деді Дәурен Серікқалиұлы.

Брифинг барысында Түркістан облысы құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Абай Тұрханов биыл өңірде барлық қаржыландыру көздері есебінен 866,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілетінін айтты. Сондай-ақ, 9 айдың қорытындысымен облыс бойынша 669,4 мың шаршы метр тұрғын үй ел игілігіне тапсырылған.

Еске сала кетейік, Түркістан облысы құрылғалы, 2018-2023 жылдар аралығында кезекте тұрған 6 303 отбасы коммуналдық тұрғын үймен қамтылған.



Түркістанда өрт сөндіру-құтқару спортынан әлем чемпионы атанған Айдана Тұрсын облыстық Төтенше жағдайлар департаментінде жұмыс істейді.

## ТҮРКІСТАНДЫҚ АРУ ӨРТ СӨНДІРУ-ҚҰТҚАРУ СПОРТЫНАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНҒАН

Ол 17 жасынан бастап жеңіл атлетикамен айналысады.

Алғаш рет құтқарушылар арасындағы ел біріншілігінде топ жарған. Былтыр Өзбекстанның Самарқанд қаласында әлем чемпионы атанды. Ал биыл Түркияда өткен жарыста кедергісі бар 100 метр қашықтықты 16 секундта жүгіріп өтіп, екінші орын иеленген. Сол бәсекеде 2-қабатқа 7 секундта сатымен көтеріліп, Қазақстан рекордын жаңартып отыр.

Жас құтқарушы ерлермен иық тірестіре жаттығу жасап, шеберлігін шыңдайды. Оның Түркияда өткен әлем чемпионатында 2-қабатқа сатымен көтерілген сәті әлеуметтік желіде кеңінен таралып, «Өрмекші қыз» деген лақап атпен көпшілікке танымал.

- Адамда бірінші кезекте тәртіп, одан кейін алдында мақсаты болуы керек. Мақсаты болған кезде барлығына уақыт табылады. Әлеуметтік желілерде Түркияда өткен жарыстың бейнесі арқылы көпшілік « рмекші қыз» деп танып жатады. Бұл маған шабыт сыйлайды, - дейді Айдана Тұрсын.

## АЙМАҚТА 17 ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН АШЫЛАДЫ

Облыстағы әлеуметтік нысандардың саны артады. Бұл туралы брифингте Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының басшысы Ерлан Күзембаев айтты. Сондай-ақ басқарма басшысы Республика күні мерекесінің маңызына тоқталды.

- Республика күні ұлттық мереке ретінде былтыр алғаш рет аталып өтті. Дәл осы күні Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы қабылданған болатын. Бұл еліміздің Тәуелсіздік жолындағы алғашқы қадамы еді. Ендеше бұл атаулы күнді елеулі етіп өткізу аса маңызды. Осыған орай, Түркістан облысында Республика мерекесі қарсаңында арнайы жоспар бекітіліп, 17 ауданқалада 70-ке жуық іс-шара өтетін болады. 25 қазан күні облыс орталығы мен барлық аудан-қала орталықтарында Мемлекеттік туды көтеру рәсімі өтеді. Сонымен қатар, «Жанашыр жүрек» акциясы аясында түрлі қайырымдылық шаралар ұйымдастырылады. Мереке күні аудан-қалаларда 17 әлеуметтік маңызды нысандар ашылады. Олардың қатарында Жетісай ауданында футбол алаңшасы, Сарыағаш ауданындағы дәрігерлік амбулатория, Шардара ауданындағы мәдениет үйі сынды нысандар бар, - деді Ерлан Бақытжанұлы.

Сондай-ақ, брифингке қатысқан Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаев өңірде мереке қарсаңында өтетін мәдени іс-шараларға тоқталды.

- «25 қазан — Республика күні» мерекесіне орай Түркістанда Халықаралық «Voice of Turan-2023» қазақ әндері фестивалі басталды. Сонымен қатар, мереке қарсаңында 21-22 қазан күндері Түркістан музыкалық драма театрында кезекті III маусымның ашылуы өтті. Маусымашарда Өзбекстанның көрнекті жазушы-драматургі Саид Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» пьесасы бойынша жаңа премьера сахналанды. Ал, Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қалалық сазды драма театрында 21 қазан күні Байғали Есеналиевтің «Ана жүрегі» драмасы қойылды. Сонымен қатар, облыстағы барлық музейлерде түрлі тақырыпта мерекелік іс-шаралар өтеді. Ал, 24 қазан күні «Конгресс Холл» кешенінде Республика күніне арналған облыстық мерекелік шара ұйымдастыралады, - деді Әзімхан Серікұлы.

**Бетті дайындаған Арайлым ӘБСАҒАТ.**

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫМЕН 63 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Сапалы білім - бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Жаһандық үдерісте зияткер, білімді ұрпақтың өсуі еліміздің болашағы үшін өте маңызды. Ал сапалы білім үшін кез-келген оқушының жайлы ортада білім алуы қажет екендігін Президенттің тапсырмаларының басты бағыты. Осы ретте «Жайлы мектеп» жобасы елде жүзеге асуда.

Білім сапасын арттыру — мемлекеттің басым мақсаты. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында балаларды оқыту үшін қолайлы жағдайлар жасау және орта құру міндеті қойылған.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесінің жағдайы ұлттың әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқаратын маңызды мәселе, ал орта білім беру сапасы маңызды фактор болып табылатынын атап өтті.

Әрбір қазақстандық мектеп оқушысына білім алуы және жан-жақты дамуы үшін білім алушылардың және олардың ата-аналарының қатысуымен мемлекет, мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым тарапынан лайықты жағдайлар жасалуы тиіс.

Орта білім беру саласында, әсіресе, ірі қалалардағы ең өзекті мәселе —оқушы орнының тапшылығы. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобаның мақсаты — орта білім беру ұйымдарында апаттық объектілерді, үш ауысымда оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою.

Түркістан облысында «Жайлы мектеп» Ұлттық пилоттық жобасын іске асыру шеңберінде 2023-2025 жылдары 63 мектептің құрылысын салу жоспарланған.

Аталған 63 мектептің ішінде 300 орындық - 11 мектеп, 600 орындық - 25 мектеп, 900 орындық- 15 мектеп, 1200 орындық - 6 мектеп, 1500 орындық — 4 мектеп, 2000 орындық - 2 мектеп бар. Нәтижесінде 49 мың оқушыға мектептен орын дайындалады.

Биыл 29 мектептің құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізетін мердігер мен жобалаушы мекемелер анықталды. Олар 2024 жылы пайдалануға берілетін болады. Қалған 34 мектептің құрылыс жұмыстары 2024 жылы басталып, 2025 жылы аяқталады. «Ұлттық жоба» аясында облыстағы апатты 8 мектептің үшеуінің, үш ауысымға өту қаупі бар 21 мектептің 14-нің мәселесі шешілетін болады.

Сондай-ақ дәл осы жобамен Жетісай ауданында «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында Асықата кентінде 900 орындық, Жетісай қаласында 1500 орындық, Ынтымақ ауылдық округінде 600 орындық, Қызылқұм ауылдық округінде 600 орындық мектептің құрылысы жүріп жатыр. Нысандарды 2024 жылы пайдалануға беру жоспарланған.Қазіргі таңда ауданда 82 мектеп бар.



# «ОРДАБАСЫ» ӨЗ ТАРИХЫНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Футболдан Қазақстан премьер-лигасының 25-тур ойындары өтті. Шымкенттің «Ордабасы» командасы өз алаңында Қарагандының «Шахтерін» 3-1 есебімен жеңіп, ұпай санын 58-ге жеткізді. Сөйтіп, тарихта тұңғыш рет Қазақстан чемпионы атанды!

Алғашқы минуттардан-ақ алаң иелері ойын тізгінін өз қолдарына алды. Алдымен шабуылшы Жақсылықов команда капитаны Тағыбергеннің әдемі пасын баспен қақпаға бағыттап, голға айналдыра білді. Одан кейін де шымкенттіктер шабуылды тоқтатқан жоқ. Умаров есепті еселесе, Беседин есепті 3:0-ге жеткізді.

Екінші таймда қарағандылықтар жауап голын сала білді. Дегенмен «Ордабасы» футболшылары сенімді ақтап, жеңіске жетті. Осылайша, «Ордабасы» чемпионат аяқталмай жатып, бір тур бұрын чемпион атанып үлгерді.

Қажымұқан атындағы орталық стадионды жүз пайыз толтырған шымкенттік жанкүйерлер «Ордабасы» командасын марапаттау сәтіне куә болды.

«Ордабасы» 2024 жылы УЕФА чемпиондар лигасында ел намысын қорғайды.

Жеңіс құтты болсын, жерлестер! Алға, «Ордабасы»!

## “БИК-ШЫМКЕНТ” – ОН ЕКІ ДҮРКІН ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

«БИК-Шымкент» футбол командасы осымен он екі дүркін ел чемпионы атанды.

«Намыс» стадионында әйелдер командалары арасында кезекті ел чемпионаты аяқталды. Биылғы доп додасын қорытындылаған XX тур ойындарында алаң иелері «Оқжетпес» клубының футболшыларын 6:0 есебімен жеңді.

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков чемпиондарға арнайы кубокты табыстап, құттықтауын жеткізді.

Чемпионат қорытындысында «Тұран-Томирис» күміс жүлдегер атанса, көкшетаулық «Оқжетпес» қола жүлдеге ие болды. Ел чемпионатында үздік ойын үлгісін көрсеткен спортшыларға да құрмет көрсетілді.

Үздіктер қатарында «БИК-Шымкент» командасының үш футболшысы бар. «Үздік жартылай қорғаушы» номинациясы Карина Жұмабайқызына, «Үздік қорғаушы» номинациясы Бибігүл Нұрышевага берілді, чемпионаттың «Ең үздік ойыншысы» болып Әселхан Тұрлыбекова танылды. Ал шымкенттік команданың сапындағы голдар санын 300-ге жеткізген тәжірибелі шабуылшы Гүлнара Габелия федерацияның арнайы сыйлығына ие болды.

“Бик-Шымкент” 2024 жылы УЕФА чемпиондар лигасында ел намысын қорғайтын болады.

## ӨРТТЕН ҚҰТҚАРҒАН ӨЖЕТ ҚҰТҚАРУШЫЛАР



Азаматтық қорғау сержанты Марат Қалыбайұлы Әліпбаев пен сержант Арман Жолдасбекұлы Махмұттың Шымкент қаласындағы №5 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушы болып еңбек етіп жүргендеріне біршама уақыт болды. Екеуі де қала аумағында орын алған төтенше жағдайларды жоюда, оның ішінде ірі өрттерді сөндіруге белсенді қатысып, өздерінің кәсібилігі мен қайсарлығын дәлелдей білген өрт сөндірушілер.

Жақында екеуі 17 шағын ауданындағы көп қабатты үйде орын алған өртте екі баланы құтқарып, үлкен қайғылы жағдайдың алдын алды. Жалпы адам өмірін құтқару-жоғары және жауапты миссия десек, бейбіт күннің қос батыры өз миссияларын абыроймен орындады. Иә, өзгенің өмірін сақтау үшін өз жанын шүберекке түйіп қызмет етіп жүрген азаматтарымыз қандай мадаққа да лайықты.

## БОЗАРЫҚҚА ТАЛШЫҚТЫ ОПТИКА ТАРТЫЛДЫ

Саяжай аумағындағы 74 көшеге талшықты оптика желісі жүргізілді. Мұнда 2 мыңнан астам тұрғын үй орналасқан. Осыған дейін өтініш білдірген 300-ге жуық үй интернет желісіне қосылған, қазір тұрғындардан қосымша өтініштер қабылдануда.

Кеңжолақты интернет желісіне қосылуға өтінімдер берілген жағдайда саяжай аумағы «СпецавтоматикаСервис» компаниясы тарапынан талшықты оптика желісімен толық қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, алдағы уақытта Абай ауданына қарасты Бозарық шағын ауданында 2 мыңға жуық тұрғынға сапалы интернет желісін тарту жоспарлануда.



## МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ СЕНБІЛІК – ДЕНДРОСАЯБАҚТА

Президент Әкімшілігінің тапсырмасына сәйкес Республика күніне орайластырылған «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» экологиялық акциясында Шымкент қаласы белсенділік танытты. Сенбілікте А.Асқаров атындағы Дендрологиялық саябақ аумағын тазартуға басымдық берілді. Республикалық экологиялық акцияны қаланың жасыл өкпесі Дендросаябақтан бастап, оған қала әкімі аппаратының қызметкерлері, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, басқармалар мен аумақтық органдардың, мемлекеттік және жеке меншік мекемелердің қызметкерлері, табиғат жанашырлары қатысты. Көпшілік қураған ағаштарды кесіп-бұтап, демалыс аймағын ретке келтірді. Саялы бақты тазартуға 1000-нан аса адам жұмылдырылды.

Қоршаған ортаның тазалығына, күтіп-баптауына бей-жай қарамаған жанашыр жандар ағаштарды күзеп, қураған бұталарды қырқып, күзгі жапырақтарды жинады. Мұндай шараға ерікті студенттер мен оқушылар, қаланың «Жасыл ел» жасағы үнемі атсалысып отырады. Бұл бағыттағы жұмыстар барлық аудан аумақтарындағы қоқыс жинақталған орындарда жалғасты. Ел тарихындағы маңызды мереке қарсаңында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке тұрғындар, мәслихат депутаттары, мемлекеттік қызметшілер мен ерікті жастардан құралған 72 мыңнан астам азамат атсалысты.

Тазалық шараларына 50 техника жұмылдырылып, 358 текше метр қоқыс шығарылды.

## ТҮРКИЯЛЫҚ ИНВЕСТОРЛАР ШЫМКЕНТТЕ ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІН САЛМАҚ

Шымкент қаласының әкімі Ғ.Сыздықбеков Түркия инвесторлармен кездесті. Нарықта 30 жылдық тәжірибесі бар әйгілі Alarko Holding A.S. өкілдері қаламызға жалпы құны 650,0 млн АҚШ доллар инвестиция құйып, 200 гектарға жылыжай кешенін салуға қызығушылық танытып отыр. Қала аумағында бұрынсоңды болмаған алпауыт кешен Мәртөбе тұрғын алабында құрылатын агро-индустриялық аймақта бой көтереді. Алдағы уақытта мұнда өзге де жылыжай кешендері салынатын болады. Жылына 40 мың тонна өнім өндіруге қауқарлы агрокешенде қияр, қызанақ, болгар бұрышы, асбұршақ сияқты түрлі ауылшаруашылығы өнімдері егіледі. Жылыжай құрылымы толық іске қосылғанда мыңға жуық адам жұмыспен қамтылады. Агроөнімдермен негізінен қала халқын қамтып, алдағы уақытта еліміздің өзге де өңірлері мен алыс-жақын шет мемлекеттерге жөнелту жоспарлануда. Жылыжай кешенінің құрылысы келесі жылы басталып, іске қосылады. Инвестициялық жоба жергілікті тұрғындарды сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етуге, бағаны тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

## ДОСТЫҚ ДАСТАРХАНЫ – ТАТУЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Шымкентте Республика күні мерекесі қарсаңында “Достық дастарханы” жайылды. збек этно-мәдени орталығының ұйымдастыруымен халықаралық фестиваль ұйымдастырылып, палау пісірушілер аспаздық өнерін паш етті. Тәжікстан, збекстан және еліміздің он саусағынан бал тамған аспазшылары бас қосқан шара 2010 жылдан бастау алған. Шара ағымдағы жылы 13-ші рет ұйымдастырылған. Биылғы фестивальдің өзіндік ерекшеліктері де бар. Яғни аспазшылар арасында жеңімпаздар іріктелмейді. Ас дайындауда шеберліктерін көрсетуге келгендердің барлығына дерлік бағалы сыйлықтар табысталады. Осылай деген Қазақстан өзбектері “Дустлик” қауымдастығының төрағасы Икрамжан Хашимжанов биылғы шараға 43 аспазшы қатысып жатқанын атап өтті:

-Республика күніне орай Қахақстан Халқы Ассамблеясы мен Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен Қазақстан өзбектері «Дустлик» қауымдастығы және қалалық өзбек этномәдени қоғамдық бірлестігі — «Шымкент 2023 палауы» атты халықаралық достық фестивалін өткізіп жатырмыз. Бұл сансыз бабтар мекені болған Сайрамдағы саябақта өтіп жатыр. Күз болса да жайма шуақ күннің жылуы мерекемізге жылу беріп тұр. Бұл басқосуға Тәжікстан, збекстан, Қырғызстаннан қонақтар келді.

Айдар таққан атауының өзі достыққа, ынтымақ пен бірлікке шақырған шара көпшіліктің көңілінен шықты. Негізінен, палауды дүниежүзінде 150-ден астам мемлекетте жесе, 33 ұлттың ұлттық тағамы. Осы ретте айта кетсек, дәстүрлі шараның жыл сайын ауқымы кеңейіп келеді. Мәселен өткен жылы 41 аспазшы 41 түрлі палау басса, биыл ас дайындаушылардың саны артқан.

-Қазақстан Республикасында 130-дан аса этнос өкілі тұратынын білеміз. Президенттің сындарлы саясатының арқасында еліміз тыныш, бейбіт күн кешіп жатыр. Біз сол достықты көрсету мақсатында фестивальді «Достық дастарханы» деп атадық. Шараға өзге елдерден бөлек, еліміздегі бірнеше қала мен облыстардан да қонақтар келіп жатыр, - дейді Шымкент қаласы өзбек этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Тахирбек Ишанбаев.

«Достық дастарханы» деген атаумен ұйымдастырылған байқау республика күніне орайластырылған. Шара барысында елдің бірлігі мен достығын нығайтуға үлес қосып жүрген азаматтар марапат төрінен көрінді. Бірінің иығына шапан жабылса, енді біріне құрмет грамотасы мен арнайы медальдар табыс етілді. Аспазшылар палауға күріш, ет пен сәбізден бөлек бірі анар қосып әсемдесе, кейбірі бөдененің еті мен жұмыртқасын да пайдаланған. Фестивальде орын берілмегенімен, ас дайындаушылар он саусағының өнерін көрсетті. Көптің көңілінен шыққан шара келер жылы да өз жалғасын табатын болады.

Бетті дайындаған Шаһаризада ДӘНЕЕВА.

## АТ СПОРТЫНАН КӘСІБИ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ



Қазақ спорт және туризм академиясының Президенті Қайрат Закирьянов мен ҚР этноспорт қауымдастығының вице-президенті Тастанбек Есентаев екіжақты келісім шартқа қол қойды.

Мақсат - бірлесе отырып ұлттық спорт түрлерінен, соның ішінде ат спортын дамыту мақсатында білім беру бағдарламасын құрастыру.

«Аударыспақ, жамбы ату, көкпар, бәйге сияқты ұлттық спорт түрлері - ата-бабаларымыз мұра еткен асыл қазына. Атқа міну, шабу — біздің қанымызда бар қасиет. Ұлттық құндылығымызды жоғалтпай, халықаралық дәрежеде көтеруді қолға алғанымыз жөн. Ат спортын дамыту үшін барынша қызмет етуге Қазақ спорт және туризм академиясы да әрдайым ықыласты», - деді Қайрат Закирьянов.

Алдағы уақытта білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі бірлескен іс-шараларды өткізу жоспарда тұр. Ат спорт түрлерінен жарыстарды, форумдарды, спорттық-сауықтыру іс-шараларын, конференцияларды, семинарларды, симпозиумдарды, ғылыми зерттеу жобаларын дайындау және оны іске асыру, болашақ мамандарды даярлауда заманауи инновациялық әдістемелерді қолдану сияқты ауқымды жұмыстар күнтізбеге енгізіледі.

## ЕГЕР СІЗДІҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗ ТАРАП КЕТСЕ, ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті дербес деректер тарап кеткен жағдайда, өтініштерді e-Otinish арқылы жіберуді ұсынады.

Дербес деректер тарап кеткен жағдайда, өз деректеріңізді қорғау және жағымсыз салдардың алдын алу үшін жазбаша немесе e-Otinish арқылы ақпараттық қауіпсіздік комитетіне хабарласу ұсынылады.

Құқықтары бұзылған дербес деректер субъектілері әкімшілік іс қозғау мәселесін қарау үшін e-Otinish арқылы ақпараттық қауіпсіздік комитетіне жүгіне алады. Анонимді және жеткіліксіз деректері жоқ өтініштер қаралмайды.

тініш беру үшін бұзушылық фактісін растайтын материалдарды ұсыну қажет:

1.өтініш берушінің аты-жөні, байланыстары;

2.бұзушылыққа жол берілген жағдайдың сипаттамасы;

3.бұзушылықты жасау кезеңі мен мерзімдері;

4.бұзушылықты растайтын сенімді материалдар;

5.бұзушылыққа жол берген тұлға / ұйымның атауы.

Бұдан әрі, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғаннан кейін дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган қолданыстағы заңнамаға сәйкес іс бойынша әкімшілік жаза қолдану немесе іс жүргізуді тоқтату туралы шешім шығарады және өтініш берушіні қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін 10-нан 1000 АЕК-ке дейінгі әкімшілік айыппұл қарастырылғанын еске саламыз. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру туралы Заңын және заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік (“Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” Қазақстан Республикасы Кодексінің 79 және 641-баптары), сондай-ақ жеке өмірге және Заңға қол сұғылмаушылықты бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 147-бабы) көзделген.

Дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті орган Сіздің құқықтарыңыз бұзылған жағдайда, әлеуметтік желілерде тарап кету туралы ақпаратты таратпай, ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі құзыретті орган - Комитетке тікелей жүгінуді қатаң түрде ұсынады.

## ДОМОФОНДЫ ПАЙДАЛАНҒАНЫ ҮШІН АҚЫ ТӨЛЕУДІ ТАЛАП ЕТЕ МЕ?

Көпфункционалды үйде орнатылған электромагниттік құлыпты басқару блогы және коммутатор блогы бар, олардың кіреберіс есіктерінен тұратын домофон жүйесі жеке тұрғын үй емес, оны пәтердің барлық иелері қабылдайды. Яғни, бұл - ортақ мүлік, шекті тұрғын үйдің артында (пәтерде) орналасқан келіссөздер жүргізілетін құрылғы жеке меншік болып табылады. Пәтер иесінің (ҚР АК 238-бабының 1-тармағымен)

“Тұрғын үй қатынастары туралы” ҚР Заңының 32-бабының 1-тармағына сәйкес пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін қолдау және оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне тек қана күрделі жөндеу жүргізуді қоса алғанда, шаралар қабылдауға міндетті.

ҚР Азаматтық кодексінің 189-бабына сәйкес меншікті капитал Бремендік қамтуды, оған тиесілі мүлікті, яғни пәтердің иесі болып табылатын шекті тұрғын үйдің (пәтерде) артында тұрған келіссөздер жүргізілетін құрылғыны көтермейді.

Осылайша, сіз интерком қызметіне ақы төлеуіңіз керек.

## ТҰТЫНУШЫЛАР ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ БОЙЫНША НЕГЕ ҚҰҚЫЛЫ?



Тұтынушылар баспалдақ апатты жағдайда тұрған ескі қызыл қамыс үйінде тұрады. Жөндеу кімнің есебінен жүргізілуі керек?

“Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы” ҚР Заңының 7-бабының 6-тармағына сәйкес тұтынушылардың тиісті сападағы қызметтерді ұсынуға құқығы бар.

Сонымен қатар, тұтынушы тауардың (жұмыстың, қызметтің) оны пайдаланудың белгіленген шарттарында тұтынушының өмірі, денсаулығы және (немесе) мүлкі үшін қауіпсіз болуына құқылы. Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс талаптар міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының техникалық саласындағы заңнамасына сәйкес белгіленеді. Сіз ай сайын төлейтін мақсатты қызметтерден қаражат жинауға сәйкес, қоршауларды жөндеу және жөндеу, кіреберістердегі ағаш баспалдақтардың элементтерін ауыстыру мүлік иелерінің бірлестігі, қарапайым серіктестік, барлық пәтер иелерін тікелей бірлесіп басқару, басқарушы компания арқылы жүзеге асырылады.

Бетті дайындаған: Ақерке ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ


